

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
 Ә. Л. Дуйсенбеков

**Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінің «Серілер» ер балалар
клубының жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары
2022 – 2023 оқу жылдары**

№	Жылдық жұмыс жоспары	Мерзімі	Жүргізілетін жұмыстар	Жауапты мұғалім
1	Баяндама. «Ұл тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» Мектеп қаулысымен таныстыру.	Қыркүйек айы	Жиналыс Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	Саидов И. А.
2	Ұл балдармен сабақ Тақырыбы: Адал ұл ер боп туса, ел тірегі	Қазан айы	Ұл балдармен сабақ өткізу	Саидов И. А.
3	5-7 сынып ұлдары арасында кіші футболдан мектепішілік кубок жарысын ұйымдастыру.	Қараша айы	Ұл балдардың міндеттері мектеп кубогіне үміткер сыныпты анықтау	Саидов И. А.
4	«Жаман қылықтардан аулақ бол!». (суицид,теріс ағымдағы діндер, нашакорлық т.б.) 5-7; сыныптар	Желтоқсан айы	Ұл тәрбиесі, ұлдарға кеңес	Саидов И. А.
5	Ұлдар арасынан дене шынықтыру сабағы бойынша жарыстар өткізу «Толағай».	Қаңтар айы	Отбасылық жарыс	Саидов И. А.
6	Ұлдар жиналысы Ұлдардың жеке гигиенасы туралы кеңесі	Ақпан айы	Ер адам ағзасы туралы түсіндіру	Саидов И. А.
7	Ұлдар арасынан мерекелік іс – шара ұйымдастыру	Наурыз айы	Ұлттық ойындар	Саидов И. А.
8	5-7 сынып ұлдары арасында кіші футболдан мектепішілік жарыс ұйымдастыру.	Сәуір айы	Мектеп кубогін қорғау	Саидов И. А.
9	Ұлдар клубының жиналысы Тақырыбы: Ұрпақ тәрбиесінің тірегі-отбасы	Мамыр айы	Ұл балдардың міндеттері	Саидов И. А.
10	Баяндама. Жылдық қорытынды есеп.	30.05.2023 ж	1-жылдық есеп	Саидов И. А.

ДТІЖО: Тельгозина А. У.

Дене шын пән мұғ:  Саидов И. А.

ДТІЖО Исмаилова Ч.С

15. 09. 2022 жыл. «Ұл туғанда күн туған» тақырыбында жиналыс болды. Қ. Р. Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Дүйсенбеков Әділбек Лесұлы 9 – 11 сынып оқушыларды мақтау қағазымен марапаттады. Атап айтар болсақ.

1. Мазманов Кемран
2. Мамаев Рузимат
3. Дурсунов Омар
4. Мазманов Аллахберди
5. Мамышев Ислам
6. Алиев Ислам
7. Текеев Ахмет
8. Исмаилов Жамал
9. Чауш – оглы Сулейман
10. Нагузал – оглы Сулейман



20. 10. 2022 ж. «Адал ұл ер боп туса, ел тірегі» атты тақырыбында жиналыс ұйымдастырылды, және 9 – 11 сынып оқушылар арасында жарыс волейболдан болды. Жауапты І ауысым ұлдар клубының жетекшісі Саидов И. А. және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Мазманов И. Н. Оқушылар белсене қатысып жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсақ.
І орын 11 «Б» сынып оқушылар
ІІ орын 10 «Б» сынып оқушылар



26. 11. 2022 ж. «Ұрпақ тәрбиесінің тірегі - отбасы» атты тақырыбында жиналыс болды. Адам өмірге қандай болып келсе, өзін сол табиғи күйінде қабылдауы тиіс, жасандылық адамға жат қасиет. Өмірде көп жетістіктерге жету мен жақсылыққа, сый – құрметке, қуаныш – бақытқа кенелу адамның өмірді танып білуге, оны үйренуге деген құштарлығына байланысты. Соңғы жылдары елімізде отбасы тәрбиесі, құндылықтары мәселесіне мемлекеттік деңгейде көп көңіл бөлінуде. Бұл қызметте Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның алатын орны ерекше. Комиссия бірнеше жылдан бері отбасы мүдделерін қорғау, әйелдердің елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне қатысуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеп келеді. Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы – баланың азамат болып өсуінің негізі.

Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ержетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа

адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Сондықтан отбасы – өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта.
Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.

19. 12. 2022 ж «Қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері» атты тақырыбында жиналыс болды. Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат – ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. Қазақ отбасының ерекшелігі жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейінде. Қазақ отбасындағы үлкенді құрметтеу әдеті жауапкершілік, адамгершілік сезімдерін туғызған. Дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда абыройлы әкеге, үлгілі отағасына, қадірлі ағаларына байланысты. Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл

бөлген. Қай халықта болмасын, ұл бала тәрбиесі – әке меншігінде. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дей отырып, қазақ отбасында әкелер өзінің білетін бар өнерін алдарына үйретіп, оларды мерген, аңшы, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеген. Бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі шаңырақ иесісің, болашақ әкесің, арқа сүйер жарсын, отбасының асыраушысысың, сондықтан да жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген сөздерді құйып отырған. Халқымыз ер баланың 12-15 жасынан бастап, оның алдында өмірдің дайындаған талай қиын-қыстау шақтары мен қуанышты сәттері бар екендігін ескере отырып, «Аты аталмаған жігіттен аты аталған төбе артық» деп намыстандыратын, «Айтсаң, үйде туып, түзде өлетін жігіттерді айт» деп тандандыратын, «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар» деп шамдандыратын, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «Ерлік білекте емес, жүректе» деп қайраттандыратын, «Ақыл жастан, асыл тастан» деп сеніміне шек келтірмейтін, «Атадан ұл туса игі еді, ата жолын құса игі еді» деп армандайтын еді халқымыз. Қазақтың ұлы ойшыл ғұламаларының бірі Ж.Баласағұни өзінің «Құтты білік» дастанында балаға тәрбиені отбасында бер, «ақ маңдайлы ұл-қыз туса, үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма» деп келер ұрпаққа өсиет ете отырып, баланы жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке баулу арқылы жаны мен тәні сабақтас жетілген парасатты ұрпақ өсіретінімізді атап көрсеткен.



12.04.2023 ж Мектепте сенбілік жұмыс жүргізілді, оған 8 – 10 сынып оқушылар қатысты. Көктемнің шуақты күндерінен бастау алған туған жерімізді қоқыстан тазарту мақсатында ұйымдастырылатын сенбілік жұмыстары жалғасын табуда. Мекетебімізді таза да көрікті жерге айналдыру үшін көптеген жұмыстар атқарылуда. Барлығы да бірігіп ауыл тазалығына үлес қосуда. Сенбілік - тазалық кепілі. Әр адам сенбілікке кішкене де болса атсалысып, үлесін қосса тазалыққа деген жауапкершілігі де арта түседі.



16. 05. 2023 ж. «Ұлдар арасында «Жеңіс күніне орай» мектепшілік «Футзал» ойыны ұйымдастырылды. Осы іс – шараға 7 – 10 сыныптар қатысты. Оқушылар бәрі қатысып ойын қызықты болып жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтар болсақ

I орын 7 «А» сынып

II орын 8 «А» сынып

III орын 9 «А» және 8 «Ә» сыныптар мақтау қағазымен марапатталды



05. 05. 2023 ж. Жеңіс жалпы орта мектебінде «Жеңістің 77 жылдығына» орай 8 – 10 сыныптар арасында «Жігіт сұлтаны» байқауы өткізілді. Байқау барысында жігіттер ортаға шығып өз өнерлерін көрсетіп, мақтау қағаздарын алып марапатталды. Іс – шараға оқушыларымыз ерекше өнерлерін паш етіп, мынандай орындарға жетістіктерге жетті.
І орын Абдуали Бақытжан 10 сынып оқушысы
ІІ орын Хайранов Имран 10 сынып оқушысы
ІІІ орын Құдайқұл Нұржігіт 10 сынып оқушысы



07. 05. 2023 ж. «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» мерекесіне орай, мектебімізде 5 – 7 сыныптар арасында футболдан жарыс өтті. Жарыс нәтижесінде белсенділік танытып, сыныптар мақтау қағазымен

марапатталды, оқушылар қызығушылықпен қатысып орындарға ие болды.

I орын 7 «А» сынып

II орын 7 «В» сынып

III орын 5 «А» сынып

